

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы N 1254 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 116 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 Р991903_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 54, 538-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулықтағы:

2-тармақ алынып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "гранты (тапсырысы)" деген сөздер "тапсырысы (гранты), сондай-ақ бастауыш кәсіптік білім беретін мемлекеттік мекемелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшада "мемлекеттік" деген сөздің алдынан "бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беретін" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақта "2,15 есе мөлшерінде" деген сөздер "2,45 есе мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақ алынып тасталсын;

19 - т а р м а қ т а :

"грант (тапсырыс)" деген сөздер "тапсырыс (грант)" деген сөздермен, "жақсы" және "өте жақсы" деген бағалар алған" деген сөздер "жақсы", "өте жақсы" деген бағалар алған" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары, интерндері, бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының оқушылары болып табылатын

барлық үлгеруші (емтихандық сессияның нәтижелері бойынша қарызы немесе аралық аттестацияның нәтижелері бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы жоқ) жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттік стипендия тағайындалады";

26-тармақтың үшінші абзацындағы "үш" деген сөз "бір жарым" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулыны 2000 жылы іске асыру республикалық және жергілікті бюджеттерде стипендияларды төлеуге көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылсын. Алдағы жылдары көрсетілген мақсатқа қажетті қаражат тиісті бюджеттердің шығыстары құрамында белгіленген тәртіппен көзделсін.

3. Осы қаулы 2000 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі